

Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия қызметінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 19 наурызда № 9242 тіркелді. Күші жойлды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 1200 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 29.12.2016 № 1200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 4-тармағын басшылыққа ала отырып,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия қызметінің ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасы **Б.Ш. Әбішевке** жүктелсін.

3. Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді және оны ресми жариялауды **қамтамасыз** етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр **Б. Имашев**
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2014 жылғы 14 наурыздағы
№ 106 бұйрығымен
бекітілген

Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия қызметі туралы ереже

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Ереже «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес әзірленген және Сот-сараптама қызметін лицензиялау жөніндегі комиссия (әрі қарай – Комиссия) қызметінің бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Комиссия Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (әрі қарай – Министрлік) жанынан құрылады.

3. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және сот-сараптама қызметін лицензиялау саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2016 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Комиссияның құрылымы

4. Комиссияның құрамы мүшелердің тақ санынан (кемінде бес адам емес) тұрады. Қазақстан Республикасының Әділет министрінің орынбасары Комиссия төрағасы болып табылады.

Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптама қызметін ұйымдастыру департаментінің және ғылыми дәрежесі немесе осы ғылым саласында кемінде 5 жыл ғылыми және сарапшылық өтілі бар Сот сараптамасы орталығының өкілдері енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2016 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Комиссияның міндеттері, функциялары және құқықтары

5. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) өтініш берушінің өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау;

2) жеке адамға сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны беру, беруден бас тарту жөніндегі ұсынымды әзірлеу;

3) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның әрекетін тоқтата тұру, тоқтату және қайта жалғастыруға байланысты ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

6. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) жеке адамға сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны

беру немесе беруден бас тарту, сонымен қатар сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияның әрекетін тоқтата тұру, тоқтату және қайта жалғастыру туралы шешім қабылдайды;

2) сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша тиісті ұсынымдар шығарады;

3) «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Әділет министріне сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы талап арызды дайындау туралы ұсыныс жасайды.

Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензиядан айыру оның әрекетін тоқтатуға әкеп соғады.

7. Комиссия міндеттерін орындау және функцияларын жүзеге асыру үшін өтініш берушіден өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне қатысты құжаттарын сұратады;

4. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

8. Комиссия төрағасы оның жұмысына басшылық жасайды, Комиссия отырысын өткізеді, Комиссия жұмысын жоспарлайды және оның жұмысына бақылауды жүзеге асырады.

Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның міндетін Комиссия төрағасының орынбасары атқарады.

9. Комиссия отырысы қажеттілігіне қарай өткізіледі және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.

Комиссия мүшелеріне отырыстың уақыты мен орны туралы алдын-ала хабар беріледі.

10. Комиссия мүшелері отырысқа қатысу жөніндегі өз өкілеттіктерін басқа адамдарға беруге құқылы емес.

11. Комиссия хатшысы отырысты өткізуге арналған материалдарды дайындауды жүзеге асырады және оларды Комиссияға ұсынады, ісін жүргізеді.

Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

12. Комиссия шешімі лицензиялауға ұсынылған құжаттардың, Комиссия мүшелерінің қатысып отырған санының қарапайым көпшілігінің ашық дауыс беру арқылы қорытынды беруінің негізінде қабылданады және оны төрағалық етуші хабарлайды.

Дауыстардың саны тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

13. Комиссия отырысы хаттамаланады, отырысты өткізу нәтижесі бойынша Комиссия отырысының хаттамасына Комиссия мүшелері қол қояды.

Комиссия қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға болады.

14. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда Комиссия мүшелері өз пікірлерін жазбаша түрде баядауға құқылы, ол отырыс хаттамасына тіркеледі.

15. Комиссия сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны беру, беруден бас тарту, сонымен қатар олардың әрекетін тоқтата тұру, тоқтату және қайта жалғастыру туралы шешімдерді ұсынылған материалдардың негізінде қ а б ы л д а й д ы .

Комиссия теріс шешім қабылдаған жағдайда Комиссия отырысының хаттамасында бас тартудың дәлелдері көрсетілуі тиіс.

16. Сот-сараптама қызметімен айналысуға арналған лицензияны беруді немесе беруден бас тартуды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті жүргізеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2016 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.